

«Азаматтарға арналған үймет» мемлекеттік
корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Павлодар облысы бойынша филиалының
Павлодар қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі

**ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ 2010 ж. «06» 05 ЖҮРГІЗІЛДІ**

БСН 040740000802

№ N 608

Бастапқы тіркелген күні
2013 ж. «09» 03



Павлодар облысы әкімдігі
Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық
жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық психикалық денсаулық
орталығы»
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны
Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық психикалық денсаулық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Павлодар облысы әкімдігінің 1999 жылғы 19 қаңтардағы «Жергілікті бюджеттен қаржыланатын мекемелердің әкімшілік бағдарламалар мәселелері туралы» №15 шешіміне сәйкес құрылды, Павлодар облысы әкімдігінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі №116/2 «Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының «Павлодар облыстық психоневрологиялық диспансері» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның қайта атау туралы» қаулысы, Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 10 наурыздағы «Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының «Павлодар облыстық психикалық денсаулық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның қайта атау туралы» № 36/2 қаулысына сәйкес қайта аталды.

3. Жергілікті атқарушы орган - Павлодар облысының әкімдігі кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын жергілікті атқарушы органы - Павлодар облысы әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын органы Павлодар облысының денсаулық басқармасы болып табылады (бұдан әрі – Басқару органы).

6. Мемлекеттік кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі атауы: Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының

шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар облыстық психикалық денсаулық орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Мемлекеттік кәсіпорынның орыс тіліндегі атауы: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Павлодарский областной Центр психического здоровья» управления здравоохранения Павлодарской области, акимата Павлодарской области.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140001, Павлодар қаласы, Усолка көшесі, 42.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылған және заңды тұлғаның құқықтарын иеленген болып саналады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа заңды тұлға құра алмайды, сондайақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдары мен өкілдіктерін құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрдегі мемлекеттік тіркеуге немесе басқа да тіркеуге қатысты келісімшарттар тіркелген күннен бастап егер өзге жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көрсетілмесе, жасалған болып саналады.

3. Кәсіпорын қызметі мен оның мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні заңда белгіленген тәртіппен берілген лицензияға және бекітілген медициналық қызмет түрлеріне сәйкес облыс халқына мамандандырылған психиатриялық және наркологиялық көмек көрсету болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) облыс халқын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде консультациялық - диагностикалық, стационарлық, стационарды алмастыратын, амбулаториялық-емханалық және медициналық-әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан қаржыландыру;

2) ғылыми дәлелді медицина негізінде әзірленген диагностика мен емдеудің халықаралық стандарттары мен хаттамаларын енгізу, медициналық көмек көрсетудің тиімді ұйымдастырушылық нысандарын, науқастарды алдын

алудың, диагностикалау мен емдеудің жаңа әдістерін әзірлеу және кәсіпорын қызметіне енгізу;

3) психикалық денсаулықты қорғау қызметінің ұйымдастырушылық, профилактикалық, емдеу-диагностикалық қызметін үйлестіру, мониторингілеу, талдау;

4) психикалық денсаулық саласында профилактикалық, консультациялық-диагностикалық, емдік, медициналық-әлеуметтік, оңалту көмегінің, сондай-ақ психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдардың ілеспе ауруларының кез келген нысандарын көрсету;

5) психикалық денсаулықты нығайту, өмір сүру сапасын, халықтың, оның ішінде психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдардың психикалық әл-ауқатының деңгейін арттыру жөніндегі зерттеулерге қатысу;

6) мемлекеттік тапсырысты, заңды тұлғалармен жасалған шарттық міндеттемелерді орындау есебінен кәсіпорынның қызметін қолдау және дамыту үшін қажетті табыс алу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы қызметтер көрсету;

7) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының енгізілетін тиімді технологияларына сәйкес қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жаратқандыру;

8) жаңа технологияларды, жабдықтарды, қазіргі заманғы басқару шешімдерін, басқару нысандары мен әдістерін қолдану және персоналдың біліктілік деңгейін арттыру арқылы кәсіпорын қызметін жетілдіру;

9) мүгедектерді, Маскүнемдікпен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен зардап шегетін адамдарды қоса алғанда, психикасының бұзылуынан (ауруынан) зардап шегуші адамдарды, осы ұйымдарда жұмысқа орналастыру үшін емдеу-өндірістік ұйымдарды, сондай-ақ еңбек терапиясы үшін еңбек жағдайлары жеңілдетілген арнайы өндірістерді, цехтарды немесе учаскелерді құру, осы ұйымдарда жұмысқа орналастыру үшін жаңа кәсіптерге оқыту;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру.

14. Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) медициналық қызмет:

- Денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерде көзделген әр түрлі нысандарда медициналық көмек көрсету: білікті медициналық көмек, мамандандырылған психиатриялық наркологиялық психотерапевтік, медико-психологиялық және диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес халыққа медико-әлеуметтік көмек;

- зертханалық диагностика;

- Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы қызмет: аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, медициналық тексерулер жүргізу, профилактикалық егулер жүргізу және басқа да қызмет түрлері;

- Денсаулық сақтау саласындағы сараптама: медициналық қызмет көрсету сапасының ішкі сараптамасы, еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы.

2) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет;

3) қызметтің әртүрлі бағыттары бойынша кәсіби курстарды, лекцияларды, семинарларды, тренингтерді, конференцияларды және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу нысанындағы ақпараттық-консультациялық қызметтер;

4) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-білім беру іс-шараларын, көрмелерді, семинарларды, конференцияларды, кеңестерді, форумдарды, симпозиумдарды, тренингтерді ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

5) психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарға қалпына келтіру емі мен медициналық оңалту шеңберінде пациенттерде еңбек дағдыларын қалыптастыруға бағытталған медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшелерінде (емдеу-өндірістік шеберханалар) және тәуелділіктерді әлеуметтік оңалту бөлімдерінде қызмет көрсету;

6) ғылыми-практикалық жұмыс: ғылымның, техниканың және озық тәжірибенің қазіргі жетістіктеріне негізделген психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстары бар адамдарды диагностикалаудың, емдеу мен әлеуметтік-еңбекпен оңалтудың негізгі ұйымдық нысандарын, жұмыстарын, қазіргі заманғы құралдары мен әдістерін игеру және практикаға енгізу;

7) Денсаулық сақтау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартына сәйкес әлеуметтік және еңбекпен оңалту бойынша көмектің барлық түрлері;

8) қолдаушы алмастыру терапиясын ұсыну пунктінде психикасының және мінез-құلقىның бұзылулары бар адамдарға көрсетілетін медициналық-әлеуметтік көмек;

9) психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарға емдеу кабинетінде көрсетілетін медициналық-әлеуметтік көмек;

10) уақытша бейімдеу және детоксикация орталығында психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек;

11) дәрігерлер мен орта медициналық персоналдың жұмыс орнында білімдерін жаңарту, Қазақстан Республикасының Жоғары медициналық оқу орнымен, медициналық ғылыми-зерттеу мекемелерімен шарттар негізінде мамандарды дипломнан кейінгі даярлау шеңберінде мамандар даярлау;

12) халықтың психикалық денсаулық мәселелері бойынша хабардар болуын арттыру жөніндегі ақпараттық-насихаттық сипаттағы іс-шараларды жүзеге асыру;

13) алкогольдің, есірткінің және басқа да мас болу түрлерінің болуына медициналық куәландыру жүргізу;

3) Кәсіпорынның Жарғысын бекіту туралы ұсыныс жасайды, оған өзгеріс пен толықтырулар енгізуді ұсынады;

4) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

5) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау көніндегі есептерін қарайды, келісім береді, бекітеді;

6) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорын мүлкінің сақталуын және қолдануын бақылауды қамтамасыз етеді;

8) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

9) жыл сайын кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

10) шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындар үшін кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының және бас (аға) бухгалтерінің ауазымдық айлықтарының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

11) өзіне осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Кәсіпорынның органы оның басшысы, сондай-ақ осы Жарғының талауында көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.

21. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, емлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

22. Басқару органы Кәсіпорынның Басшының еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу жөніндегі ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстық белгіленген бөлігі табысты аударылмағаны үшін Кәсіпорын Басшының жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорынның Басшыны Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорынның Басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

25. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның қызметінің барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, жөтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

Басқару органы Басшының ұсынымы бойынша қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы оның Жарғысында белгіленеді;

1) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) еңбекақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

2) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың Басқару органына кандидатуралар ұсынады;

3) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

4) дербес жауапты:

- Қаржы-шаруашылық қызметі және кәсіпорын мүлкінің сақталуы;

- бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы аудармау.

5) басқару органының келісімі бойынша кәсіпорынның филиалдары мен бөлімдерінің басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шарттарды жүзеге асырады.

27. Кәсіпорын мен жергілікті атқарушы орган арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

28. Кәсіпорын мен басқару Органы арасындағы қарым қатынас Қазақстан Республикасының күші бар қазіргі Заңнамасымен реттеліп отырады.

5. Бақылау кеңесімен қатарлас шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

29. Басқару органының ұсынысы бойынша кәсіпорын кәсіпкерлік орган Кеңесін құрады.

Білім беру және денсаулық сақтау саласындағы бақылау кеңесі бар Кеңестік басқару негізінде кәсіпорынды құру, сондай-ақ білім беру және

іенсаулық сақтау саласындағы экономикалық басқару негізінде жұмыс істеп отырған кәсіпорындарда бақылау кеңесін енгізу жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

30. Бақылау кеңестері құрылған шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындарға арналған өлшемдерді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

31. Бақылау кеңесін құру тәртібі, бақылау кеңесіне сайланған адамдарға қойылатын талаптар, сондай-ақ байқаушы кеңестің мүшелерін конкурстық рәтеу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату ережелерін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

32. Бақылау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және бақылау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін белгілеу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

33. Кәсіпорынның бақылау кеңесі келесі өкілеттіктерге ие:

1) басқару органына Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы қорытынды береді;

2) Даму жоспарын орындау туралы есеп жобасын бекітеді, кәсіпорынның жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмек пен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Қоғамның иелігінде қалған таза кірістің бір бөлігін пайдалану туралы шешім қабылдайды;

4) Қоғамның және оның құрылымдық бөлімшелерінің бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау жөніндегі құжаттамамен еркін танысады және Басқарушы органға қаражаттың мақсатты пайдаланылуын тексеру жөнінде ұсыныстар береді;

5) Басқарма органының Кәсіпорын басшысын тағайындау және онымен келісімшартын бұзу туралы ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және даму жоспарында көзделген қаражат шегінде қызметкерлерге, кәсіпорын басшысына, оның басқарушыларына, бас бухгалтерге лауазымдық жалақыларына үстемеақылар төлеу, сыйлықақы беру және қосымша қаржы көздерінен материалдық қаражат бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) Байқау кеңесі хатшысын тағайындайды, өкілеттік мерзімі мен мерзімсіздігін мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдайды;

8) Басқармаға Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Басқармаға Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және олардың жұмыс істеуі туралы ұсыныстар енгізеді;

10) басқару органына кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

10) басқару органына кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныс енгізеді;

11) басқару органына кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу жөнінде ұсыныстар енгізеді.

34. Кәсіпорынның Байқау Кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі:

1) Кәсіпорынның Байқау Кеңесінің отырыстары қажет болған жағдайда, іс-шараларына кемінде бір рет өткізіледі;

2) Кәсіпорынның бақылау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз шешімі бойынша, бақылау кеңесі мүшесінің немесе кәсіпорын басшысының шешімі бойынша шақыруы мүмкін;

3) егер Кәсіпорынның Байқау Кеңесінің отырысы, егер оның барлық мүшелеріне жиналыстың уақыты мен орны туралы хабарланса және жиналысқа қатысу кеңесі мүшелерінің жартысынан көбі қатысса. Байқау кеңесі шешіміне дауыс беруін бақылау кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа жеке тұлға (сенімхат бойынша) беруге жол берілмейді;

4) Кәсіпорынның бақылау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауыс беріп. Дауыстар тең болған жағдайда Кәсіпорынның бақылау кеңесі шешіміне дауысы шешуші болып табылады;

5) байқаушы кеңестің шешімдері жазбаша түрде жасалады және оған қатысушы кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6. Кәсіпорынның мүлкі

35. Кәсіпорынның активтері оның балансында көрсетілген активтерін құрайды.

36. Қоғамның мүлкі бөлінбейді және оларды салымдар арасында (қаржы капиталға қатысу үлестері, акциялар), оның ішінде Қоғам мүшелері арасында бөлуге болмайды.

37. Кәсіпорынның мүлкі қандай болып табылады:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірісті қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мүлік.

38. Кәсіпорынның қарамағында оның жарғылық мақсаттарында қызметті қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі шығаратын мүлік ғана болуы мүмкін.

39. Шаруашылық жүргізу құқығын иелену және тоқтату, егер осы заңда енгізілмеген немесе осы заңда қарастырылған қайшы жағдайлармен меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды иелену және пайдалану Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

41. Меншік иесі оған қатысты оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, кәсіпорынның балансында мүлікті бекіту сәтінде туындайды.

42. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, жасау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

43. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы меншік иесінің тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында белгіленген негіздер мен тәртіпте, сондай-ақ осы Жарғының 44, 45-тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

44. Осы Жарғының 45-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы меншік иесінің шешімі бойынша кәсіпорынның мүлкін заңды түрде алып қою жағдайларда тоқтатылады.

Заңды алып қою жағдайларына, атап айтқанда,:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;
- артық, пайдаланылмайтын немесе мақсатына сай пайдаланылмаған мүлікті алып қою.

45. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешім Жергілікті атқарушы орган (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті орган) кәсіпорынға алып қойылған мүлікті өзге тұлғаға бергенге дейін және сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді.

46. Кәсіпорын жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен осы Жарғының 45-тармағының ұсынысы бойынша филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

- 1) филиалдар, өкілдіктер құру;
- 2) акционерлік қоғамдардың өзіне тиесілі акцияларына, сондай-ақ қосылған берешекке билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе қарыз беруге;
- 4) қарыз беруге.

47. Кәсіпорын өзіне шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі мақсатқа қатыспайтын, жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

48. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексында немесе өзге де заңдарда өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 46, 47-тармақтарында белгіленген мүлікпен жасалатын мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын балансына енгізеді.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

49. Кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен ~~және~~ бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

50. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін мемлекеттік атқарушы орган белгілейді.

Белгіленген нормативтер бойынша кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджетке есептелуге жатады.

Кәсіпорын таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды мемлекеттік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

51. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді өз бетінше сатады.

52. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын басқару органы белгілейді.

53. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, ~~қосымша~~ жәделмеген қызметті жасаудан кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ ~~қосымша~~ қаржыландыру есебінен құрылған, өткізілетін тауарларға ~~қосымша~~ көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды көтеру ~~және~~ алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында ~~белгіленген~~ тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп ережелері бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері ~~және~~ жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

54. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 27736917 теңге 73 ~~және~~ жеті миллион жеті жүз отыз алты мың тоғыз жүз он жеті теңге ~~және~~ тиын) құрайды.

Жарғылық капиталды Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу кезінде ~~қаржы~~ (құрылтайшы) толық қалыптастыруы тиіс.

9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

55. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық ~~және~~ жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен ~~және~~ есептілік туралы заңнамасына және халықаралық қаржылық ~~және~~ стандарттарына сәйкес басқару органының келісімі бойынша ~~және~~ басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

56. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік ~~және~~ табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы ~~және~~ капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны ~~және~~

57. Кәсіпорын және Бақылау кеңесі жылдық қаржылық есептілікке уәкілетті жүргізеді, кәсіпорынның қаражаты есебінен уәкілетті органның бақылау енесіне, басшының бастамасымен жүргізілуі мүмкін.

10. Кәсіпорынның Жауапкершілігі

58. Шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

59. Құрылтайшының, Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе Басқару органның әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайларды қоспағанда, мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайда мемлекет кәсіпорындардың талаптарын қанағаттандыру үшін соңғысының қаражаты есебінен болған кезде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап береді.

11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

60. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа айқындалады.

61. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен айқындалады және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу

62. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Басқару органы белгілейді.

63. Еңбек шартында, ұжымдық шартта, келісімдерде, жұмыс берушінің шешімінде айқындалған еңбекке ақы төлеу талаптары Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптармен салыстырғанда нашар бола алмайды.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

64. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген басқа да негіздер бойынша да таратылуы мүмкін.


65. Коммуналдық кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және таратуды Басқару органы жүзеге асырады.

66. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

67. Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған, кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған қаражатты қоса алғанда, таратылған Кәсіпорынның ақшасы тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

68. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды жергілікті атқарушы органдар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға уәкілеттік береді.

Басшы  Иманбеков К. О.